

**"2011 жылы тұқым шаруашылығын субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы"
2011 жылғы 15 сәуірдегі № 67 қаулыға өзгеріс енгізу туралы**

Құшiн жойған

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2011 жылғы 11 тамыздағы N 180 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 25 тамызда N 2552 тіркелді. Қаулысының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Шығыс Қазақстан облысы әкімі аппаратының 2012 жылғы 05 қаңтардағы N 6/74 хаты)

Ескерту. Қаулысының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Шығыс Қазақстан облысы әкімі аппаратының 2012.01.05 N 6/74 хаты).

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 7-бабы 2-тармағының 12-1) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, «Тұқым шаруашылығы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы Заңының 6-1-бабына сәйкес және «Тұқым шаруашылығын дамытуға жергілікті бюджеттерден атаулы субсидия беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 14 мамырдағы № 381 қаулысын іске асыру мақсатында Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «2011 жылы тұқым шаруашылығын субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы» Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2011 жылғы 15 сәуірдегі № 67 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі 2545, 2011 жылғы 14 мамырдағы № 54 (16530) «Дидар», 2011 жылғы 16 мамырдағы № 54 (19042) «Рудный Алтай» газеттерінде жарияланған) қаулысына **мынадай өзгеріс енгізілсін:**

аталған қаулының 2 қосымшасы осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа **редакцияда жазылсын.**

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

ШЫҒЫС Қазақстан облысы әкімдігінің
2011 жылғы 11 тамыздағы
№ 180 қ а у л ы с ы н а

қосымша

ШЫҒЫС Қазақстан облысы әкімдігінің
2011 жылғы 15 сәуірдегі
№ 67 қ а у л ы с ы н а

2 қосымша

Тұқым шаруашылықтары сатқан тұқымдарға берілетін субсидияның қалалар және аудандар бойынша 2011 жылға арналған көлемі

№ р/с	Қалалар, аудандар атауы	Тұқым шаруашылықтарының саны	Субсидия көлемі, мың теңге
1	Семей		
2	Риддер		
3	Өскемен		
4	Аягөз		
5	Бесқарағай		
6	Бородулиха	4	20381,6
7	Глубокое	4	1632
8	Жарма		
9	Зайсан		
10	Зырян		
11	Катонқарағай		
12	Көкпекті		
13	Күршім		
14	Тарбағатай		
15	Ұлан	4	24876,4
16	Үржар		
17	Шемонаиха	1	4010
	Облыс бойынша	13	50900